

## **№1 тәжірибелік сабақ.**

**Тақырыбы:** Ауыз әдебиеті және фольклортану ғылымы туралы түсінік. Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері.

**Сабақтың мақсаты:** Ауыз әдебиеті және оның қалыптасу, даму кезеңдері туралы мәлімет алу.

### **Негізгі сұрақтар:**

1. Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік.
2. Халық ауыз әдебиетінің басқа салалармен байланысы.
3. Қазақ фольклорының даму кезеңдері.

**Тапсырма:** Фольклортану ғылымы, фольклортану ғылымының басты объектісі, фольклор мен жазба әдебиет, фольклордың өзгермелілігі, ауыз әдебиетінің әлеуметтік маңызына жан-жақты шолу жасаңыз.

### **Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:**

Конспект - латынның «конспектус» шолу деген сөзі, бұл кітап, мақала, баяндаманың қысқаша мазмұнын жазу, яғни оқығанның қысқаша мазмұны. Жүйелі және логикалық байланысы бар жазба конспект деп аталынады. Конспектте бір уақытта жоспар мен тезистер және көшірмелер немесе тезистер мен көшірмелер, басқаша алғанда, жоспар мен көшірмелер беріледі. Конспект жазған кезде оның ішкі логикалық мазмұнына ерекше ден қойылады. Алайда конспект жазғанда оның логикалық байланысы мен тілдік байланысын шатастырмау қажет. Конспектің мынадай түрлері бар. Олар: жоспарлы конспект, мәтіндік конспект, еркін конспект, тақырыптық конспект және схемалық - жоспар. Жоспарлы конспект түрлерінің ішіндегі ең қарапайымы, ол - сұрақ - жауапты конспект. Бұл жағдайда сұрақ нысаны ретінде берілген жоспар бөлімшелеріне конспект нақты жауап береді.

Тілеужанов М. «Ел әдебиеті», Сейітжанұлы З. «Халық әдебиеті», «Қазақ фольклористикасының тарихы» еңбектері.

### **Дайындалуға арналған сұрақтар:**

1. Фольклор дегеніміз не?
2. Фольклортану ғылымы нені зерттейді?
3. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы неде?
4. Фольклордың ауызекі сипаты, көпнұсқалылығы, жанрларының синкреттілігі, тарихилығы, ұлттық ерекшеліктері жайында түсінігіңіз қандай?
5. Қазақ фольклортану ғылымы неше кезеңді қамтиды?
6. Қазақ фольклортану ғылымы өз алдына дербес ғылым ретінде қашан қалыптасты?

**Есеп беру түрі:** конспект, ауызша мазмұндау.